

превратить урок в процесс сотворчества, и в этом нам помогают современные образовательные технологии.

Современный урок - это и интеграция традиционных методов обучения и современных педагогических технологий. Современный урок должен способствовать развитию творческих способностей, нестандартного мышления обучающихся. Учитель на современном уроке должен создавать условия для интеллектуального развития учащегося, а также среду, где обучение происходит в сотрудничестве и сотворчестве.

#### **Список литературы:**

1. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств. – Народное образование. Москва, 2005
2. Современные педагогические технологии как фактор формирования ключевых компетентностей участников образовательного процесса. Часть 5. Информационные технологии в образовательном процессе. Методические материалы. – Ярославль, 2005
3. Быстрой Е. Формирование межкультурной педагогической компетентности учителя // Вестник высшей школы - 2006 - №6 - с. 14-18
4. Вымятин В. М., Демкин В. П., Можяева Г. В. Мультимедиа-курсы: методология и технология разработки. Научно-методический журнал. 2002 № №(7). С. 34-60
5. Чередникова О. И. Информационные технологии в работе учителя русского языка и литературы. Русский язык. 1 сентября 2009 № 5. с.2-3.
6. Роберт И. В. Теоретические основы развития информатизации образования в современных условиях информационного общества массовой глобальной коммуникации // Информатика и образование. 2008. № 5, с.126-127.

#### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА - БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ**

Дюкова Айзада Маликаджаровна,  
Жиенбаева Назира Алдияровна,  
№2 орта мектеп Жітіқара қ.

#### **Аннотация**

*Мақалада орта білім берудің мазмұнын құрудың теориясы мен тәжірибесіне терең талдау жасалып, оны жаңартудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері қазіргі көзқарастар тұрғысынан қарастырылған. Осы мақала арқылы еліміздің жарқын болашағы, мектеп болашағы ұстаздардың ізденісінде, балаларға деген сүйіспеншілігінде, кәсіби деңгейіне байланысты екендігін жеткізу, қазіргі заманға сай оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңартылған бағдарламаның үлесі көп екенін көрсетуді мақсат еттік.*

#### **Аннотация**

*В статье описывается глубокий анализ теории и практики содержания среднего образования, а педагогические и психологические особенности его обновления рассматриваются в контексте современных подходов. В этой статье мы хотели показать, что светлое будущее нашей страны, будущее школы зависит от творчества учителей, любви к детям, их профессионального уровня и роли обновленной программы в формировании функциональной грамотности современных учеников. На самом деле, учитель несёт большую ответственность за воспитание и обучение учеников. Нужен инновационный, самомотивированный творческий учитель, который способен решать проблемы, связанные с образованием каждого ученика.*

#### **Abstract**

*The article describes a profound analysis of the theory and practice of the content of secondary education, and the pedagogical and psychological features of its updating are considered in the context of modern approaches. In this article we wanted to show that the bright future of our country, the future of the school depends on the creativity of teachers, love for children, their professional level and the role of the renewed program in the formation of functional literacy of modern pupils. In fact, the teacher has a great responsibility for the education and training of pupils. We need an innovative, self-motivated creative teacher, who is able to solve problems associated with the education of each*

*pupil. Therefore, the proposed article will give a positive impetus to teachers, stimulating their creativity, integrating the updated curriculum with their professional skills.*

**Түйінді сөздер:**бағдарлама,тыңдалым,айтылым, оқылым, жазылым, мақсат, бағалау,құндылықтар.

**Ключевые слова:** программа, аудирование, говорение, чтение, письмо,цель, оценивание,ценности.

**Keywords:** program, listening, speech, reading, subscription, purpose, price,value.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек. Қазіргі уақытта дайын білімді игеру мен жалпылау мақсат емес, ол адамның интеллектуалды дамуының көмекші құралы болып табылады. Ал қажетті ақпараттарды өз бетінше табу, мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын іздеу, алған білімді сын тұрғысынан талдай білу және оларды жаңа тапсырмаларды орындауда қолдану жаңартылған білім мазмұнының нәтижесі болмақ.

Білім берудің басты мақсаты білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарды қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім бағдарламалары құзыреттілік тәсілге негізделген. Тұлғаны табысты әлеуметтендіру үшін қажетті функционалдық сауаттылық негізінде құрылған құзыреттіліктерді қалыптастырады. Әлемдік педагогикаға әйгілі Б. Блумның оқу мақсаттары таксономиясы бойынша қазіргі стандарт оқушылардың алты деңгейдің екі деңгейін, яғни «білу», «түсіну» деңгейлерін ғана меңгеруіне мүмкіндігі бар екенін білеміз. Жаңа бағдарлама қалған төрт деңгейді «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» деңгейлерін қамтиды.

Осы бағдарламаның тағы бір оңтайлы тұсы анық, қолжетімді оқу мақсатының болуында деп айта аламыз. Біз, мұғалімдер тікелей тәжірибе алаңының өкілдері болғандықтан, оқу үдерісімен күнде бетпе-бет келеміз. Күнделікті сабақ жоспарларын дайындауда тіл үйретудегі оқу мақсатын оқытудың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік компонентіне негіздей отырып, әр мұғалім өз еріктерімен таңдайды. Бұл мақсаттар бір академиялық сағатта (45 минут) қолжетімсіз, жүгі ауыр, ауқымды мақсаттар болып жатады. Ал жаңартылған оқу бағдарламасында көрсетілген пәндік оқу мақсаты мен күнделікті сабаққа қойылатын мақсаттар бір мазмұнда, жүйеленген, дайын мақсаттар. Әрі барлық мақсаттар сөйлеу әрекетінің 4 дағдысын, яғни тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған. Мақсаттың қолжетімділігі дегеніміз – мақсат мазмұнының ықшам, нақты болуы; бір тақырыпқа берілген оқу мақсатының бір тоқсанда, тіпті оқушы мектеп қабырғасын аяқтағанға дейін бірнеше рет қайталанып келуі. Бұл оқушының бір сабақта жете алмаған оқу мақсатына келесі сабақтарда қол жеткізуіне мүмкіндік береді, әрі оқушының оқуға деген оң мотивациясына ықпал етеді, өз-өзіне деген сенімін нығайтады деген сөз.

Сонымен қатар жаңартылған білім беру мазмұны білім салалары бойынша нақты күтілетін нәтижеге негізделген. Күтілетін нәтижелер оқушы жұмысы мен оның жетістігін бағалауға мүмкіндік береді, әр оқушының жеке даму траекториясының дамуын нақтылауға жағдай туғызады. Сонымен қатар білім, білік дағдыларын дамытуға уәжін арттырады. Оқу үдерісінің сапасын жақсартады. Сол себепті, оқыту нәтижесін мониторингілеудің жаңа формасы енгізілді, яғни критериалды бағалау жүйесі. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау

жүйесінің артықшылығына, яғни баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызатынына көзіміз жетіп отыр. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатындықтан әр сабақ сайын жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Бұл бағдарламаның ерекше айта кететін жағы – бұл барлық білім беру деңгейлері «Мәңгілік Ел» идеясына негізделген. Идеяның мазмұны – оқушыларды рухани-адамгершілік тұрғыдан, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, толеранттылық пен ұлтаралық, мәдениетаралық жағдайда қарым - қатынас жасай алуға үйрету, терроризм мен экстремизмге қарсы жастармен үгіт - насихат жұмыстарын нығайту болып табылады. Демек, жаңартылған бағдарлама заманауи жастарды тәрбиелеп, білім берудегі орны ерекше, оны табысты енгізіп, оң нәтижесін көру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Ұстаз үшін ең маңызды мақсат-әр сабағын түсінікті, тартымды, тиімді өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – оқушыларға білім беру, тәрбиелеу барысында кеңінен қолданылып келген, оқушылардың білім сапасын көтеруге жағдай жасайтын, сабақты тиімді ұйымдастыруға, сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға көп көмегін тигізетін әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану. Өз тәжірибемізден көз жеткізгеніміз, осындай әдістердің бірі-эссе жазу. Эссе жазу арқылы оқушылардың өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдылары дамиды. Эссе -жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эссе жаза отырып оқушылар басқа адамның көзқарасын білу, іскерлік қарым-қатынас жасау, қоғамдық ойға пікір білдіру, өз жаңалығын жүзеге асыра, табысқа қол жеткізе алады. Қазіргі кезде эссе жазуға оқушылар төселіп келеді. Диалог барысында оқушылар күтілген нәтижеге жету үшін күш – жігерін жұмсайды, ынталанады, ойларын бөлісіп, пікірлеседі, білімді бірлесіп алып, өз білімін толықтырады.

Оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың тағы бір тәсілі – оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюы. Егер де сұрақ дұрыс қойылған болса сабақ берудің, білім берудің тиімді құралына айналып, оқушылардың білім алуына жағдай жасайды. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын тәжірибеде пайдаланамыз.

Топтық жұмыс ішіндегі тығыз қарым-қатынас оқушыларды бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара, тығыз байланыста жұмыстануға жеткізеді. Сабақ барысында оқушылардың достығы нығайып, сабаққа деген жаңа көзқарастары қалыптасып, жаңа, тың идеялармен танысып, білімдерін жетілдіріп, жан-жақты дамуына мүмкіндік алады. Нәтижесінде оқушы жан-жақты, тілдік қоры бай, өзіне сенімді, тобының жанашыры, өз ойын анық та ашық айта алатын, өз көзқарасын тұрақты ұстай алатын тұлғаға айналады.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Шәкірттерді бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу әр ұстаздың міндеті. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей

алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп деп ойлаймыз. Бүгінгі жаңартылған оқу бағдарламасы келешекте оқушылармыздың табысты оқуына және ертеңгі күні жарқын болуына педагогтар қауымының жұмысын бірізділікке салып, жүйелі жұмыс жасауына бағытталғандықтан, заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қауіптенбей, мақсатқа сай, нәтиже аламыз деп сенеміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.
3. «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас.» Әліпбаева А.Қ.
4. Eisner, E. W. (1972), *Educating Artistic Vision*, New York: Macmillan, p.9.

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КРИТЕРИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ ОЦЕНИВАНИЯ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ**

ЕгеубаеваГульназГалимжановна  
ГУ «Аманкарагайская СШ имени Н. Островского»  
Аулиекольский район

#### ***Аннотация***

*Мақалада тарих сабақтарда критериалдық бағалау жүйесі, оқу жетістіктерінің ең тиімді және айқын түрі болып қарастырылады. Критериалдық бағалау оқушылардың оқуларын қадағалау кезінде объективті құндылық болып саналады. Қазақстан тарихы пәні бойынша дескрипторлардың мысалдары келтірілген.*

#### ***Аннотация***

*В статье рассматривается критериальная система оценивания на уроках истории - как наиболее эффективная и прозрачная форма оценивания учебных достижений учащегося. Ценности критериального оценивания как механизма, позволяющего производить оценку учащихся более объективно. Приведены примеры дескрипторов на формативное оценивание по истории Казахстана.*

#### ***Abstract***

*In the article considered criterion system of evaluation in history lessons as the most effective and transparent form of assessment of educational achievements of the student. The values of criteria-based assessment as a mechanism to assess students more objectively. Examples of descriptors for formative assessment in the history of Kazakhstan.*

***Түйінді сөздер:*** Қазақстан тарихы, критериалдық, бағалау, оқу жетістіктері, қадағалау.

***Ключевые слова:*** история Казахстана, критериальное, оценивание, учебные достижения, контроль.

***Keywords:*** the history of Kazakhstan, criterion, appraisal, academic achievements, control.

Успешное осуществление педагогической деятельности современным учителем истории невозможно без применения эффективных педагогических технологий обучения и воспитания. Использование педагогических технологий позволяет рационально выстраивать процесс обучения. Одним из важных звеньев процесса обучения является контроль знаний и умений учащихся. Эффективность учебной работы существенно зависит от того, как организован и на что нацелен контроль. Поэтому современные педагоги уделяют особое внимание способам организации контроля и его содержанию [1, с27]

В настоящее время основной целью образования является развитие конкурентно - способной личности, готовой к взаимодействию с окружающим миром, к самообразованию и саморазвитию. Особое значение имеет контрольно - оценочная деятельность ученика, то есть готовность и способность контролировать и оценивать свою деятельность, уметь устранять причины возникающих трудностей.